

Сауран ауданы
«Қос-қорған» жалпы білім беретін мектеп

31.08.2023ж.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестік отырысының
ХАТТАМАСЫ №1

Қатысқандар саны: 6

Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Өткен 2022-2023 оқу жылындағы жоспардың орындалуына сараптамалық талдау жасау
2. Бірлестік жетекшісі мен хатшысын сайлау туралы
3. 2023-2024 оқу жылының Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру: оқу ісі менгерушісі: С.Ахмедова. 2023-2024 оқу жылына сағат жүктемесін бөлу туралы
4. Күнтізбелік жоспарларды талқылау, бекіту. 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспары, 2022-2023 оқу жылындағы жоспарға сай орындалмай қалған жұмыстар мен жіберілген кемшіліктерді ескере отырып (ендіру) әзірлеу, бекіту туралы
5. 2023-2024 оқу жылында атқарылатын бірлестік жұмыстарын жоспарлау
6. Жаңартылған бағдарлама бойынша жоспар жасауды талқылау туралы

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі - М.Нурметова сөз сөйлеп, өз сөзінде былтырғы оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау жасап өтті. Атап айтар болсақ, былтырғы оқу жылының басында жылдық жоспар жасалынып, сол жоспар бойынша іс-шаралар дер кезінде атқарылып отырды. Әр пән мұғалімдерінің сағат жүктемелері бекітіп берілді. Сол жүктеме бойынша жыл бойы сабақтар өтілді. Қосымша сыныптан тыс жұмыстар атқарылды. Бірлестіктің негізгі міндеті оқушылардың білім, біліктілігін жақсарту, бір-бірімізден іс-тәжірибе алмасу, оқыту әдістерін байыту, шығармашылық жұмыспен айналысу. Мектепшілік олимпиада ұйымдастырылып, озық шыққан оқушылар аймақтық олимпиадаларға қатыстырылып, 5-8-сыныптада нәтиже болғанымен, 9-11 – сыныптарда нәтиже болмады. Бірлестігіміздің мұғалімдері дарынды және үлгерімі төмен оқушыларды анықтап, олармен жасалатын жұмыстың жоспарын жасап, олармен дайындық жұмысын жүргізіп келеді. Оқушылар 90 пайыз оқулықпен қамтылған.

Ұстаздарымыз сабақтарында жаңа технология элементтерін пайдаланып, оқушыларды сыни тұрғыда ойлауға машықтандырып келеді. Пән мұғалімдері арнайы компьютерлік курстардан өтіп, техникалық сауаттылықтарын арттырған. Онкүндіктер ұйымдастырылып, нәтижелері талқыланып отырылды. Алынған бақылау, тест және зертханалық жұмыстардың нәтижелері шығарылып, әкімшілік тарапынан бақыланып отырылды. Қашықтық сабақтар дер кезінде өткізіліп, бжб, тжб жұмыстары уақтылы алынды.

2. Жаңа оқу жылына бірлестіктегі мұғалімдер қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.Нурметованы бірлестік жетекшісі етіп, хатшысы етіп У.Нарметова сайланды.
3. Үшінші мәселе бойынша оқу ісі менгерушісі С.Ахмедова өз сөзінде осы жылғы әдістемелік нұсқаулықпен таныстырып өтті. Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 12.08.2022ж 365 бұйрық бойынша 5-9-сыныптар қазақ-өзбек бөлімі, 10-11-

сыныптар қазақ бөлімі 30.09.2022ж 412 бұйрық 39-қосымша. 10-11-сыныптар өзбек бөлімі 412 бұйрық 42-қосымша бойынша жұмыс жүргізілуін түсіндіріп өтті. Күн тәртібінде бірлестіктегі мұғалімдердің биылғы жылға арналған сағат жүктемелері мен күнтізбелік жоспарлары талқыланды

Абдукаримов Хасанжон - 14 сағат

Жаппаров Шарипжан - 16 сағат

Нурметова Маужуда -16 сағат

Абдумуратова Умида -16 сағат

Нарметова Умида -16 сағат + 4 сағат замінь сағат

Жунашова Юлдуз 4 сағат

4. Төртінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспары бекітіліп, 2022-2023оқу жылындағы жоспарға сай орындалмай қалған жұмыстар мен жіберілген кемшіліктерді ескере отырып бекітілді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестік жетекшісі М.Нурметова, хатшысы У.Нарметова болып сайланды.
5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша бірлестіктегі мұғалімдердің биылғы жылға арналған атқарылатын жұмыс жоспарлары талқыланды.
6. Алтыншы мәселе бойынша бірестіктегі мұғалімдер жанартылған бағдарлама бойынша жоспар жасауды талқылады.

Пән мұғалімдері өздеріне берілген сабақтардың жылдық жоспарын түзіп,бекітілсін. Бірлестік мүшелерінің лауазымдық міндеттері бөлініп берілді.

Қаулы:

- 1.2022-2023 оқу жылындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің атқарылған жұмыстары «қанағаттанарлы»қ деп танылсын.
- 2.2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспары талданып, орындалмай қалған жұмыстар қайта қаралып, биылғы жоспарға енгізілсін және орындалуы қатаң түрде бақылауға алынсын.
- 3.2023-2024 оқу жылының мақсат міндеттерін нақтыланып, жылдық жоспар мен мұғалімдердің сағат жүктемелері бекітілсін.
4. Бірлестік мүшелерінің лауазымдық міндеттері бөлініп, бекітілсін. Берілген тапсырмалар дер кезінде орындалып, жауапкершілікті дұрыс сезіну қолға алынсын.

Бірлестік жетекшісі:  М.Нурметова

Хатшы:  У.Нарметова